

**" Халықаралық және ҚР ішкі мемлекеттің құқығындағы адвокатура " пәні
бойынша ХҚФ, Халықаралық құқық бөлімінің
4 курс бакалавриаттарына арналған қорытынды емтихан
бағдарламасы Оқытушы – Апенев С.М.**

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫҚ БАҚЫЛАУ

Емтиханды өткізу нысаны – оффлайн платформасында жазбаша. Емтихан жауаптарын балама түрде белгіленген оқытушы тексереді.

Билеттерді Универ жүйесі арқылы деканның Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары жасайды.

" Халықаралық және ҚР ішкі мемлекеттің құқығындағы адвокатура " пәні бойынша емтиханды сәтті тапсыру үшін студент:

- өткен бағдарламаға сәйкес оқыту курсы мұқият зерделеу;
- курс тақырыптары бойынша қосымша әдебиеттерді зерттеу;
- адвокаттық қызмет саласындағы халықаралық актілер бойынша сұрақтарға жауап беру үшін ұғымдық және терминологиялық аппаратпен жұмыс істеу;
- сұрақтарға жауаптың анықтығын қаматамасыз ету үшін қажетті халықаралық актілердің ережелеріне сүйену ;
- адвокатура саласына қатысты құжаттарға талдау жасағанда олардың Қазақстан заңдарына сәйкестігіне салыстырмалы баға беру;
- жауаптың анықтығын немесе өз бағытын анық көрсету үшін балама жауаптарды өз шешімі ретінде көрсетпеу.

Емтихан өткізу ережелері.

Жазбаша емтихан бейнекамерасы бар аудиторияда өткізіледі.

Жазбаша емтиханды бастамас бұрын студент келу парағында көрсетілген орынға отырады. Жазбаша емтиханға жауапты дайындау уақыты екі сағат. Жауапты дайындау кезінде заңдарды, оқулықтарды, дәріс материалдарын пайдалануға, өзге студенттерден сұрауға рұқсат етілмейді. Бұл ережелерді бұзған студент емтихан тапсыру

аудиториясынан шығарылады және емтихан тапсырылмаған болып саналады.

Билетте 3 сұрақ болады. Қорытынды бақылау сұрақтары міндетті түрде сабақтың барлық түрлерінде (дәрістер, практикалық, СОӨЖ) қарастырылатын тапсырмаларды, сондай-ақ аралық бақылауға берілген сұрақтарды қамтиды.

Емтихан тапсыру уақытында сыртқа шығуға рұқсат етілмейді.

Жауапты дайындау уақыты- 2 сағат.

Бағалау саясаты. Қорытынды бақылау (емтихан) - 100 балл. Бағалау келесі схемабойынша жүзеге асырылады:

1 сұрақ - 33 балл

2 сұрақ - 33 балл

3 сұрақ -34 балл.

Емтиханды өткізу кестесі.

Емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі, ол туралы студенттерге хабарланады.

Баллдар Универ АЖ-дегі қорытынды ведомоске қойылады. Жазбаша

емтихан үшін аттестаттау ведомосына балл қою уақыты-24 сағат.

Емтихан сұрақтары құрастырылған курс тақырыптарының тізімі:

1. ҚР адвокаттық қызметтің құқықтық негіздері
2. Адвокаттардың құқықтық жағдайлары
3. Адвокаттар алқасына мүшелердің құқықтық мәртебесі
4. Адвокаттық қызметке кірудің тәртібі
5. Адвокаттардың кәсіби этикасы бойынша халықаралық стандартты ережелер және олардың сипаттамасы
6. Адвокат еңбегіне ақы төлеу
7. Адвокаттардың жауапкершілігі және адвокаттық қызметпен айналысуға тиым салу негіздері
8. Адвокаттар алқасынан шығару негіздері мен тәртібі
9. Адвокаттардың азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істер бойынша өкілеттіктері

10. Адвокаттық қызмет бойынша халықаралық құқықтық стандартты актілер және оның негізгі ережелері
11. АҚШ құқық жүйесі бойынша адвокаттық қызметтің ерекшеліктері
- 12 Англия құқықтық қызметіндегі адвокаттардың түрлері және ролі
- 13 Герман құқық жүйесіндегі адвокаттық қызмет
- 14 Франция мемлекетіндегі адвокаттық қызметтің ерекшеліктері
15. Адвокаттардың қызметтерін жетілдіру бойынша отандық заңдарды халықаралық актілерге бейімдеу мәселелерін анықтау

Әдебиеттер тізімі

1. Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы 2018 жыл 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы.
2. Мейірбекова Г.Б. Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет. – Алматы: Жеті жарғы, 2012. – 208 бет.;
3. Тыныбеков С. Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике Казахстан: Учебник.-Алматы, 2011 .- 246с.
4. Адвокатура в странах СНГ: Материалы съезда адвокатов. Минск. 19 апреля 2011 г.// Адвокат, 2012, №8.
5. Интернет ресурстар: <http://www.adilet.gov.kz>, www.p-prava.kz, <http://agka.kz>

Пәні: Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы-Жалпы бөлімі. Деңгейі: бакалавр дәрежесі. Формасы: Жазбаша емтихан. Платформа: АЖ «Универ».

	Блум таксоно миясы		Критерий	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
				90-100%	70-89%	50-69%	25-49%	0-24
1.	Білім	1 сұрақ (30 ұпай)	Қорытынды бағалауда қарастырылған тақырыптарға қатысты іргелі ұғымдар мен принциптерді нақты түсінгенін көрсету.	Нюанстар мен байланыстарды қоса алғанда, тақырыптың ерекше түсінігін көрсетеді.	Тақырыптың нақты және тиянақты түсінігін көрсетеді.	Сұрақтың мәнді тақырыбының негізгі түсінігін көрсетеді.	Тақырыптың мәнін түсіндіру қиын, түсінуде олқылықтар көп.	Тақырыпты аз немесе мүлдем түсінбейтінін көрсетеді.
2.	Түсіну	2-сұрақ (30 ұпай)	Қорытынды бағалау кезінде талқыланған негізгі идеяларды, тақырыптарды немесе мәселелерді түсіндіру арқылы ақпаратты түсіндіру және қорытындылау.	Егжей-тегжейлі және нақты түсініктемелер береді, сұрақтың мазмұнын қорытындылайды және түсіндіреді.	Мәселе мазмұнына тиімді түсініктемелер, қорытындылар және интерпретациялар береді.	Негізгі деңгейде мәселе бойынша адекватты қорытындылар, түсініктемелер және түсіндірулер беру арқылы ақпаратты түсіндіреді.	Ақпаратты түсіндіру, қорытындылау немесе түсіндіру қиынға соғады.	Ақпаратты дұрыс түсіндіре алмайды, қорытындылай алмайды немесе түсіндіре алмайды.
3.	Қолдану	3-сұрақ (40 ұпай)	Пәнге қатысты нақты мәселелерді немесе сценарийлерді шешу үшін алынған білім мен түсінікті қолданыңыз.	Күрделі есептерді шешу үшін білімді жүйелі түрде қолданады.	Практикалық есептерді шешу үшін білімін сауатты қолданады.	Білімді белгілі бір дағдымен қолданады, бірақ жауаптар қарастырылып отырған мәселелерді шешу үшін жеткілікті терең болмауы мүмкін.	Мәселелерді шешу үшін білімдерін қолдануға тырысады.	Есептерді шешу үшін білімді қолдана алмайды.